

Зерттеулердің, консалтингтік қызметтердің және мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің м.а. 2021 жылғы 29 қарашадағы № 612-НҚ бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 4 желтоқсанда № 25546 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2025 жылғы 28 мамырдағы № 167-нқ бүйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Сауда және интеграция министрінің 28.05.2025 № 167-нқ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 34-бабының 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Қаржы және активтер департаменті заннамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция министрінің м.а.

E. Казанбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция
министрінің м.а.
2021 жылғы 29 қарашадағы
№ 612-НҚ бүйрығымен
бекітілген

Зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 34-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді және зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманың (бұдан әрі – қызметтер) құнын айқындау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) зерттеулер – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне қол жеткізу мақсатында ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстар шеңберінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері тиісінше ғылыми әдістермен және құралдармен жүзеге асыратын қолданбалы, іргелі, стратегиялық ғылыми зерттеулер;

2) консалтингтік көрсетілетін қызметтер – "Шығыстардың экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің, оның ішінде жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу міндettі болып табылатын шығыстар түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 30 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13301 болып тіркелген) бекітілген Шығыстардың экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің, оның ішінде жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеу міндettі болып табылатын шығыстар түрлерінің тізбесіне сәйкес мемлекеттік орган қызметі процесінде туындастын проблемаларды, мүмкіндіктерді айқындау және бағалау жөніндегі не ахуалды егжей-тегжейлі талдау; жұмыстың қаржылық және басқарушылық тиімділігін (мынадай негізгі қызмет түрлері шеңберінде: басқару консалтингі, әкімшілік-кадрлық консалтинг, қаржылық консалтинг, IT-консалтинг, заң консалтингі, мамандандырылған консалтинг, қорғаныс саласындағы консалтинг, техникалық консалтингтік қызметтер) арттыру үшін одан әрі іс-қимылды түзеу бойынша тиімді ұсынымдар әзірлеу бойынша консалтингтік қызметтерге ақы төлеуге арналған шығындар;

3) мемлекеттік тапсырма – жарғылық капиталына мемлекет қатысатын занды тұлғаларға, Ұлттық әл - ауқат қоры тобына кіретін ұйымдарға, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын оның ұйымдарына, Қазақстан Республикасының Ұлттық олимпиада комитетіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық паралимпиада комитетіне, дербес кластерлік қорға, "Астана Хаб"

халықаралық технологиялық паркіне, дербес білім беру ұйымдарына және олардың ұйымдарына, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын "Елбасы Академиясы" корпоративтік қорына, жекелеген мемлекеттік қызметтер көрсетуге, бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын және (немесе) әлеуметтік-мәдени дамуын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да міндеттерді орындауға арналған тапсырыс.

2- тарау. Зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтер және мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау тәртібі

3. Көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау кезінде осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес қызметтер көрсетуге арналған шығыстарда көрсетілген негіздеуші құжаттармен расталған шығыстар ескеріледі.

4. Шығыстар осы көрсетілетін қызметтерге тікелей байланысты шығындар жататын, қызметтерді көрсету үшін қажетті ресурстар негізге алына отырып айқындалады.

5. Келесі жоспарлы кезеңге көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау кезінде қаржы нарығының валюталардың айырбастау бағамдарына әсері, инфляция коэффициенті және шарттық міндеттемелерді орындау мерзімінің ұзақтығы ескеріледі.

6. Көрсетілетін қызметтер құны осы Қағидалардың 2-қосымшасына сай көрсетілетін қызметтер құнының есебіне сәйкес айқындалады.

Зерттеулердің, консалтингтік
керсетілетін қызметтер мен
мемлекеттік тапсырманың
құнын айқындау қағидаларына
1-қосымша

Қызметтер көрсетуге арналған шығыстар

1. Шығыстар зерттеуді орындау үшін қажетті ресурстарға сүйене отырып айқындалады, оларға негізгі құрауыштары мыналар болып табылатын зерттеулерді жүзеге асыруға арналған шығындар жатады:

1) қызмет көрсетуге тікелей қатысатын қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстар;

2) жұмыс берушілердің жарналары (әлеуметтік салық, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар, жұмыс берушілердің Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдары);

3) іссапар шығыстары;

4) көрсетілетін қызметті іске асыру үшін сыртқы сарапшыларды (консалтинг) тарту бойынша шығыстар;

5) тікелей қызметті орындау үшін қажетті полиграфиялық шығыстар (бланк өнімдерін: сауалнамаларды, бағыт парактарын, карточкаларды, зерттеу есептерін, тест тапсырмаларын көбейту, құжаттарды түптеу, тігу және өндеу);

6) қажет болған жағдайда конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер еткізу жалдау ақысы;

7) көлік қызметтері;

8) байланыс қызметтері;

9) курьерлік қызметтер (материалдарды тарату);

10) аударма қызметтері.

2. Ақпараттық-талдау және консалтингтік жұмыстар мен қызметтерді көрсетуге сыртқы сарапшыларды (консалтинг) тартқан кезде, құны орындалуы сыртқы сарапшыларға айқындалған жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің көлемін ескермей, уәкілетті ұйымдардың орындайтын жұмыстары мен көрсетілетін қызметтерінің нақты көлеміне қарай айқындалатын болады.

3. Әр шығыстар құжаттармен (есеп айырысулар, коммерциялық немесе кем дегенде үш баға ұсынысы) негізделіп, расталуы керек.

Жалақы бойынша шығыстарды қоспағанда, шығыстарға баға ұсынысына "Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының не салалық қауымдастықтарының сараптамалық қорытындысы қоса беріледі.

Зерттеулердің, консалтингтік
көрсетілетін қызметтер мен
мемлекеттік тапсырманың
құнын айқындау қағидаларына

2-қосымша

Қызметтер құнының есебі

1. Көрсетілетін қызмет құны мына формула бойынша есептеледі:

$K = I + B + KKC$, мұнда:

I – қызмет көрсетуге тікелей қатысатын қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу және жұмыс берушілердің жарналары бойынша шығыстарын қоспағандағы шығыстар;

B – қызмет көрсетуге тікелей қатысатын қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстарды, жұмыс берушілердің жарналарын қамтитын еңбек шығынына қарай бөлінетін шығыстар;

KKC – қосылған құн салығы.

2. Қызмет құнының бөлінетін бөлігі мына формула бойынша есептеледі:

$B = E \cdot S \cdot CM$, мұнда:

E – қызмет көрсетуге тікелей қатысатын бір қызметкерге адам-сағаттағы еңбек шығындары;

СМ – қызмет көрсетуге тікелей қатысатын қызметкердің сағаттық мөлшерлемесі.

3. Қызмет көрсетуге тікелей қатысатын бір қызметкерге адам-сағаттағы енбек шығындары мына формула бойынша есептеледі:

ЕШ = А * Сағ * ЖКО, мұнда:

А – қызметті орындау айларының саны;

Сағ – бір күнгі қызметті орындау сағаттарының саны;

ЖКО – тиісті жылға арналған жұмыс уақыты балансына сәйкес жұмыс күндерінің орташа айлық саны.

4. Қызмет көрсетуге тікелей қатысатын бір қызметкерге сағаттық мөлшерлеме мына формула бойынша есептеледі:

СМ = ЕА/ЖСО, мұнда:

ЕА – қызмет көрсетуге тікелей қатысатын қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу бойынша шығыстар, жұмыс берушілердің жарналары;

ЖСО – тиісті жылға арналған жұмыс уақытының балансына сәйкес жұмыс сағаттарының орташа айлық саны.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК